https://www.instagram.com/p/C0MLd3JoAcE/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
"1 желтоқсан - Дүниежүзілік ЖИТС-ке қарсы күрес күніне" орай жоғары сынып оқушыларымен "Жастар есірткіге қарсы!" тақырыбында кеш өтті. Мақсаты: оқушыларды зиянды заттардан бойларын аулақ ұстауға, әлем дертінен сақтануға, денсаулықтың маңызын түсінуге тәрбиелеу.
Өткізген тәлімгер: Сағынова М.




https://www.instagram.com/p/C0RhCALoT6V/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
"1 желтоқсан - Дүниежүзілік ЖИТС- ке қарсы күрес күніне" орай мектеп парламенті мүшелерінің ұйымдастыруымен волейбол ойынынан біріншілік ұйымдастырылды. Тәлімгер: М.Сағынова

 

https://www.instagram.com/p/C0WJId8gaxg/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы күрес жоспары аясында оқушылармен «Есірткіге жол жоқ!» тақырыбында шара өтті. Мақсаты: оқушыларға нашақорлық, есірткіге тәуелділік, есірткінің адам ағзасына әсері туралы мағлұмат бере отырып, салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу.



https://www.instagram.com/p/C215Uy9Ib1g/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
нашақорлық және есірткі бизнесінің алдын алу мақсатында оқушылар арасында "Жасөспірім және зиянды әдеттер" тақырыбында түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Оқушыларға бейнеролик көрсету арқылы есірткі, алкоголь және шылымның адам ағзасына тигізер әсері туралы мағлұмат берілді.

 

https://www.instagram.com/p/C5_Gs59IoFN/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз өмірді қамтамасыз ету мақсатында "Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ" республикалық ақпараттық акция жоспарына сәйкес "Буллинг. Кибербуллинг туралы не білеміз?" тақырыбында 9-11 сынып оқушыларынан сауалнама алынды. Сауалнамаға 24 оқушы қатысты. Сауалнама нәтижелерін қорытындылау барысында оқушылар буллинг, кибербуллингтің не екенін біледі, мектепте болмаса мектептен тыс жерде куәгер болмаған деген қорытынды жасалды.
**https://www.instagram.com/p/Cz2vR1dIbx6/?utm_source=ig_web_copy_link**
"Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ" республикалық ақпараттық акциясының іс-шаралар жоспарына сәйкес дебат клубы мүшелері арасында "Зорлық-зомбылықтың алдын алу мәселелері" тақырыбында пікірсайыс өтті. Нәтижесінде "Ұландар" фракциясы басымдық танытып, жеңіске жетті.

 

**https://www.instagram.com/p/Cz2vDQcomy7/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA**==

"Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ" республикалық ақпараттық акциясы аясында Ойыл АПБ УПИ полиция аға лейтенанты Д. Бисебаев оқушылармен кездесіп, құқық бұзушылықтың, зорлық- зомбылықтың алдын алу мақсатында түсінік жұмыстарын жүргізді.



**https://www.instagram.com/p/Cz5MI5Go5XW/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA**==

"Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ" республикалық ақпараттық акциясының аясында "Біз зорлық-зомбылыққа қарсымыз" тақырыбында психологиялық тренинг өткізілді.

https://www.instagram.com/p/Czqn0kGo0Jb/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

"Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ" республикалық ақпараттық акциясының іс-шаралар жоспары аясында "Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ" тақырыбында сынып сағаттары өтті.

https://www.instagram.com/p/CzqnrFLIu3W/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Діни экстремизм және терроризмнің алдын алу жұмыстары

Діни экстремизмнің алдын алу мақсатында "Діни экстремизм - опат болудың жолы" тақырыбында АӘжТД пәнінің жетекшісі видеоролик көрсетіп түсінік жұмыстарын жүргізді.



**https://www.instagram.com/p/C0LbFbSoIaF/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA**==

Терроризм мен экстремизмнің алдын алу мақсатында АӘжТД пәнінің жетекшісі Е. Қалиев оқушыларға жаднамалар таратып, түсінік жұмыстарын жүргізді.



**https://www.instagram.com/p/C0LbZU_IyIN/?utm_source=ig_web_copy_link**

Терроризм мен экстремизнің алдын алуға байланысты жоғары сынып оқушылары “Терроризмнен азат әлем” тақырыбында қабырға газеттерін шығарды.

**https://www.instagram.com/p/C37ks_-ocWQ/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA**==

Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатындағы атқарылған шаралар.

"Қауіпсіз терезе" республикалық ақпараттық науқанының іс-шаралар жоспары бойынша сыныптарда "Балаларға арналған қауіпсіздік ережелері" тақырыбында сынып сағаттары өтті.

https://www.instagram.com/p/CzDMkVhI8v9/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

"Қауіпсіз терезе" республикалық ақпараттық науқанының іс-шаралар жоспары бойынша ата-аналарға "Өз балаңыздың өмірін сақтаңыз" тақырыбында жаднамалар таратылды.

https://www.instagram.com/p/CzDMHI7I6sO/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

"Қауіпсіз терезе" республикалық ақпараттық науқанының іс-шаралар жоспары бойынша ата-аналар жиналысы өткізілді. Жиналыс барысында ата-аналарға жол қозғалысы ережелерін сақтау мәселелері туралы айтылды.

https://www.instagram.com/p/CzDMGawoFZ0/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Ақтөбе облысының төтенше жағдайлар департаменті, Ойыл ауданының төтенше жағдайлар департаменті Ойыл ауданының төтенше жағдайлар бөлімінің 2023 жыл 11 қыркүйек №930 санды құжаты негізінде, Ойыл аудандық білім бөлімінің 2023 жыл 11 қыркүйек №891 санды құжаты негізінде Амангелді орта мектебінің оқушылары, қызметкерлері және ата аналарды өрт қауіпсіздігі бойынша эвакуациялау жаттығулары жүргізілді

https://www.instagram.com/p/Cx5Kh0aIChK/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

бастауыш сыныптарда “Бала және бағдаршам” тақырыбында сынып сағаттары өтті.




https://www.instagram.com/p/C4F-6kGI_yv/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
https://www.instagram.com/p/C4F_XJMouWS/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
https://www.instagram.com/p/C4F_rlQoLxM/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
https://www.instagram.com/p/C4GD_rSopQi/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

“Жол қауіпсіздігін сақтаймыз” тақырыбында сынып сағаты өтті. Мақсаты: жол ережелерін сақтаудың маңыздылығын ұғындыру.

 

https://www.instagram.com/p/C4GEJByoocT/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
https://www.instagram.com/p/C4GOKe6I8Hr/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
https://www.instagram.com/p/C4GvK16gQgU/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
https://www.instagram.com/p/C4GvzrTAoyw/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
https://www.instagram.com/p/C4GwE8Ng7lP/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

“Қауіпсіздік- басты міндет” тақырыбында сынып сағаты өтті. Мақсаты: оқушыларды қауіпсіздік ережелерімен таныстыру, қауіпсіздік ережелерін сақтаудың адам өміріндегі маңыздылығын ұғындыру. Сынып жетекші: Умбетова Г.

https://www.instagram.com/p/C4GwPnJAe5y/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
https://www.instagram.com/p/C4GwgazgrhH/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

АӘжТД пәнінің жетекшісі 1-11 сынып оқушыларына судағы қауіпсіздік туралы бейнеролик көрсетіп, оқушыларға суға түсу кезіндегі қауіпсіздік ережелерін түсіндіріп өтті. Өткізген Қалиев Е.

https://www.instagram.com/p/C7eni_0Ii6y/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстары жүйелі жүргізіліп, әртүрлі жұмыс түрлері мен әдістері пайдаланылады: құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен әңгімелесу, дәрістер, кездесулер, балалардың мектепке баруын күнделікті бақылауда.Сынып жетекшілер, психолог және директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, ата-аналармен бірлесе отырып үздіксіз жұмыстар атқаруда. Оқушылардың күнделікті сабаққа қатысуы қадағаланып отырылады.

Қыз балалар арасында "Сенің құқығың бұзыла ма?" деген тақырыпта сауалнама алынды. Сауалнамаға барлығы 19 қыз бала қатысты. Сауалнама нәтижесін қорытындылау барысында мектепте, болмаса отбасында құқықтары бұзылмайтындығы, ешкімнен қысым көрмейтіндігі анықталды.

https://www.instagram.com/p/CyyM0WBIC1e/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Өзін-өзі басқару ұйымының құқық фракция жетекшісінің ұйымдастыруымен "Құқықтық сауаттылық - уақыт талабы" тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Оқушылар құқық тақырыбында өз ойларын ортаға салды.

 

https://www.instagram.com/p/CyyMriUoaPT/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

"Ақтөбе jastary" жобасы жоспары бойынша өмірдің қиын кезеңдерінде қалған жасөспірімдерді анықтау мақсатында толық емес, өгей әкемен тұратын отбасыларға рейд жұмыстары жүргізілді. Рейдке ДТІЖО, әлеуметтік педагог және мектеп психологі барды. Мақсаты: өмірдің қиын жағдайында қалған жасөспірімдерді ерте анықтау, алдын алу шараларын жүргізу.

https://www.instagram.com/p/C0byIyTo954/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

"Ақтөбе jastary" жобасы жоспары негізінде "Мектеп - заң аумағы" тақырыбында 5-7 сынып оқушылары арасында құқықтық сабақ өтті. Мақсаты: оқушылардың құқықтық сауаттылықтарын арттыру, мектепте тәртіп ережелерін сақтау.

https://www.instagram.com/p/C0lGIubITy7/?utm_source=ig_web_copy_link

"Ақтөбе jastary" жобасы аясында "Бала құқығы-асыл қазына" тақырыбында сыныптан тыс шара өтті. Мақсаты: оқушылардың адам құқығы, соның ішінде бала құқығы туралы түсінігін кеңейту, өз құқығын біліп, өзгенің құқығын бұзбауға үйрету.

https://www.instagram.com/p/C1BZzqxIhZO/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

“Құқықтық навигатор” құқық апталығы аясында “Бала қандай құқықтарға ие?” тақырыбында сыныптан тыс шара өтті. Мақсаты: оқушыларға бала құқықтары туралы толық мағлұмат беру. Өткізген: Л. Мамбетова



https://www.instagram.com/p/C3iEUv-o_PN/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

“Құқықтық навигатор” құқықтық апталық аясында “Құқықтық сауаттылық” тақырыбында сауалнама алынды. Сауалнамаға 46 оқушы қатысты.

https://www.instagram.com/p/C3iEyZ6oTkr/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

“Құқықтық навигатор” құқық апталығы аясында оқушыларға “Мектеп жарғысында көрсетілген оқушылардың құқықтары мен міндеттері” таныстырылды.
https://www.instagram.com/p/C3iE6ZdIMYH/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
Қылмыстың, құқық бұзушылықтың алдын алу жоспары аясында оқушылардың агрессия деңгейін төмендететін тренингтер өткізілді. Тренинг барысында әртүрлі ойын жаттығулар орындалды.
https://www.instagram.com/p/C4sf6uiIWkW/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
Көптоғай ауылдық округінің учаскелік полиция инспекторы Д. Бисебаев мектеп оқушылары арасында синтетикалық және психотроптық заттарды қолдану жауапкершілігі туралы айтып, құқық бұзушылықтың алдын алу бағытында түсінік жұмыстарын жүргізді.



https://www.instagram.com/p/C7Mpsu0obmt/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
Келеңсіз оқиғалардың алдын алу мақсатында “Сырғалым” қыздар клубында “Ерте жүктіліктің алдын алу және репродуктивтік денсаулық” тақырыбында кезекті қыздар жиналысы өтті. Жиналысқа мектеп медбикесі қатысып, ерте жүктіліктің алдын алу туралы түсіндірме жұмыстар жүргізді. Сонымен бірге ерте жүктіліктің алдын алу бойынша бейнеролик көрсетілді.

 

https://www.instagram.com/p/C2ReqpQI_ly/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
Қыз балалар арасында ерте жүктіліктің, ерте жыныстық қатынастың алдын алу мақсатында мектеп медбикесі А. Узбекованың қатысуымен "Ерте жыныстық қатынастың салдары" тақырыбында түсінік жұмыстары жүргізілді.



https://www.instagram.com/p/C5lo6yaIKv3/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
Жасөспірімдер арасында келеңсіздіктің алдын алу, өмірге мотивация беру мақсатында "Өмірге мотивация" тақырыбында психологиялық сабақ өткізілді. Өткізген: мектеп психологі Е. Ақылбаев



https://www.instagram.com/p/C5_G48mo98C/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
Мектеп психологі Е. Ақылбаев оқушылар арасында "Аутодеструктивті мінез-құлыққа бой алдырмау шаралары" тақырыбында психологиялық сабақ өткізді.

 

https://www.instagram.com/p/C7MqkHJI6cB/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
"Қыз тәрбиесі - ұлт тәрбиесі" апталығы аясында "Қыз балалар гигиенасы" тақырыбында қыз балалармен шара өтті. Оқушыларға гигиеналық тазалық, нәзіктік турасында мағлұмат берілді.
https://www.instagram.com/p/CzG0oqgIMjU/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
«ДОСБОЛLIKE» республикалық акциясы аясындағы жұмыстар
“ДОСБОЛLIKE: ДОСТЫҚ ҚОЛЫН ҰСЫН” республикалық акция жоспарына сәйкес “Кіші зияткерлік академия” бағыты бойынша “MATH&SPORT” тақырыбында математикалық зияткерлік сайыс өтті. Мақсаты: математика мен спортты байланыстыра отырып оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыру, бірлескен іс-әрекеттер арқылы белсенді мінез-құлық дағдыларын дамыту.



https://www.instagram.com/p/C2TylgPoquD/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
“ДОСБОЛLIKE: ДОСТЫҚ ҚОЛЫН ҰСЫН” республикалық акция жоспарына сәйкес “Кіші зияткерлік академия” бағыты бойынша мектеп мұғалімдері арасында “Ұшқыр ойлы топ” тақырыбында зияткерлік сайыс өтті. Мақсаты: ұжымдық шығармашылық негізінде ұжым ортасында жағымды, достық қарым-қатынас орнату.

 

https://www.instagram.com/p/C2TzyekIXiT/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
“ДОСБОЛLIKE: ДОСТЫҚ ҚОЛЫН ҰСЫН” акциясы аясында “Шеберлер қаласы” бағыты бойынша “Қыз еркем, кестесімен көркем” тақырыбында сайыс ұйымдастырылды. Ұйымдастырушы технология пәнінің мұғалімі Г. Мырзағалиева

 

https://www.instagram.com/p/C2jjhmbALzg/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
“ДОСБОЛLIKE: ДОСТЫҚ ҚОЛЫН ҰСЫН” акциясы аясында “Көтеріңкі көңіл-күй” бағыты бойынша үзілістерде мектеп парламенті мүшелері бастауыш сынып оқушыларына ойындар ұйымдастырып, үзілісті көңілді өткізуге атсалысты.

 

https://www.instagram.com/p/C2kPeGRogRH/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
“ДОСБОЛLIKE: ДОСТЫҚ ҚОЛЫН ҰСЫН” акциясы аясында “Шеберлер қаласы” бағыты бойынша театр жобасы оқушылары “Жеті лақ” ертегісі желісі бойынша театрландырылған қойылым қойды.

 

https://www.instagram.com/p/C2_zKCEA06U/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
“ДОСБОЛLIKE: ДОСТЫҚ ҚОЛЫН ҰСЫН” акциясы аясында “Спорттағы достық” бағыты бойынша оқушылар арасында “Қысқы кросс” жарысы ұйымдастырылды. Ұйымдастырушы: Халидуллин Ө.

 

https://www.instagram.com/p/C3XkSiHI86V/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
Педагогикалық қолдау орталығының мақсаты:позитивті ата – ана мәдениетін дамыту арқылы балалардың әл-ауқатын, тұлға ретінде үйлесімді дамуын қамтамасыз ету үшін орта білім беру ұйымдары мен ата – аналар арасындағы тиімді өзара әрекеттестікті нығайту.
Орталықтың міндеттері: Балалардың саламаттығын қамтамасыз ету үшін ата – аналардың педагогикалық мәдениетін, психологиялық – педагогикалық және әлеуметтік құзыретін дамытуға арналған жүйелік педагогикалық қолдауды ұйымдастыру.Балаларды тәрбиелеу мен дамытуда білім беру ұйымы және отбасы арасындағы өзара әрекеттестікті нығайту.Балалардың саламаттығын үдерісте қамтамасыз ету бойынша балалардың тәрбиесі мен дамуына ата – ана жауапкершілігін арттыру.
Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2023 жылғы 02.11√2/5049 хаты негізінде жалпы ата-аналар жиналысы өткізілді. Жиналыстың күн тәртібінде 1 оқу тоқсанының қорытындысы, "Біртұтас тәрбие бағдарламасын", "Ата-аналарды педагогикалық қолдау" орталығының жұмыс жоспарымен таныстыру мәселелері қаралды.

https://www.instagram.com/p/CzMUwdzIS4x/?utm_source=ig_web_copy_link
"Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының бағдарламасы" негізінде бастауыш сынып оқушыларының ата - аналарына "Ата-аналар өмірінің жобасы - бақытты адам" тақырыбында ата-аналар сабағы өтті. Мақсаты: ата-аналардың баланың бақытты өмірінің негізі ретінде оның әл-ауқатын қамтамасыз етуге дайындығын қалыптастыру.
https://www.instagram.com/reel/Cz3fHaUIgQQ/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
"Ата-аналарды қолдау орталығының" жоспары бойынша 10-11 сынып ата-аналарымен "Болайын деген баланың бетін қақпа, белін бу..." деген тақырыпта сабақ өткізілді. Сынып жетекші: Умбетова Г.




https://www.instagram.com/p/C0WG0VTA0kZ/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
"Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының" жоспары бойынша 5 сынып ата-аналарымен "Баланың басты ұстазы - ата-ана" тақырыбында сабақ өтті.
Мақсаты: бала тәрбиесінде ата-ананың алатын орнының ерекше екенін түсіндіру. Сынып жетекші: Муханова А.




https://www.instagram.com/p/C0WHC3YAe-E/?utm_source=ig_web_copy_link
“Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы бағдарламасы” аясында бастауыш сынып ата-аналарына “Әрбір бала - жарық жұлдыз” тақырыбында сабақ өтті. Мақсаты: Ата-аналардың темпераментін, мәдени дәстүрлерді және мұғалімдермен өзара әрекеттесу мүмкіндіктерін ескере отырып, өз баласының ерекше қырларын ашуға дайындығын қалыптастыру. Сабаққа барлығы 20 ата-ана қатысты. Өткізген: 3 сынып жетекшісі С. Тлеуғалиева.




https://www.instagram.com/p/C2kPmIGIlZr/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
«Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының» бағдарламасы аясында ата-аналарға «Балаға үйрету: ақылыңды мейірімге орап бер. Өз балаңыздың кілтін қалай табуға болады» тақырыбында сабақ өтті. Мақсаты: ата-аналардың жас дағдарысы кезінде жасөспіріммен үйлесімді қарым-қатынас орнату қабілетін дамыту. Өткізген 7 сынып жетекшісі Мамбетова Л.




https://www.instagram.com/p/C3W8LzbIrB0/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
“Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы” жоспары негізінде 5-9 сынып ата-аналарына “Бұлақ көрсең, көзін аш” тақырыбында сабақ өтті. Мақсаты: ата-аналардың баланың шығармашылық қабілеттерін дамыту дағдыларын қалыптастыру.
Өткізген 8-сынвп жетекшісі Г. Мукашова



https://www.instagram.com/p/C3rbxI2oKC1/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
“Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы” бағдарламасы бойынша 5-9 сынып ата-аналарына “Ақпараттан ақ-қараны ажырату өнері” тақырыбында педагогикалық қолдау сабағы өтті.Мақсаты: интернет ресурстарын қауіпсіз пайдалану мәселесі бойынша ата- аналардың білімін арттыру.Қатысқан ата-ана саны- 14.Сынып жетекші: Л. Мединаева
https://www.instagram.com/p/C4crUV5AXKa/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
“Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы” жоспары негізінде 10-11 сынып ата-аналарына “Эмоционалды интеллект-табысты тұлғаның негізі” тақырыбында ата-аналарға сабақ өтті. Мақсаты: эмоционалды интеллектіні

дамыту бойынша қызығушылықты қалыптастыру, өз эмоцияларын және басқа адамдардың эмоцияларын түсіну қабілетін дамыту. Өткізген11 сынып жетекшісі Л. Кабылканова




https://www.instagram.com/p/C2w2O6BIitl/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
"Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы бағдарламасы" аясында "Баланы жастан..." тақырыбында ата-аналарды қолдау сабағы өтті. Мақсаты: ата-аналардың үйде балалардың тапқырлығы мен эрудициясын дамытуға бағытталған интеллектуалдық ойындар мен жаттығуларды қолдану дағдыларын дамыту. Өткізген 4 сынып жетекшісі Л. Мусирова
https://www.instagram.com/reel/C7l4qXNoBMG/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

"Даналық мектебі" клубының жұмыс жоспары 2023-2024 оқу жылында «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік-нұсқау хатының негізінде, адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты «КЕАҚ ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешіміне сәйкес», халқымыздың сан ғасырлық мәдени жәдігерлері мен ұлттық құндылықтарын тәрбиенің негізгі өзегіне айналдыру мақсатында Амангелді орта мектебінде «Даналық мектебі» клубы ашылды.

"Даналық мектебі" аясында "Әке мен бала" сайысы өтті. Мақсаты: ата-аналардың мектеппен байланысын нығайту, өзара бірлесе әрекет етуге тарту, отбасындағы әкенің беделін арттыру. Сайыс барысында әкелер мен балалар ұлттық спорттық ойындар ойнап, өз шеберліктері мен ептіліктерін сынады. Өткізген: Артықбаев Р. Қамиева А.






https://www.instagram.com/p/C3t4EWboXEk/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
“Даналық мектебі” аясында “Жеңгелер мектебінде” “Қыз ғұмырдың құпиялары” тақырыбында жеңгелермен сырласу кеші өтті. Мақсаты: жаһандану жағдайында қазақтың дәстүрлі отбасындағы қыз балаларға тәрбие берудің ұлттық және заманауи мүмкіндіктерін түсіндіру. Өткізген: Е. Хитрук




https://www.instagram.com/p/C3-00oeIXWz/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

**Сынып жетекшілердің сапалық құрамы**

| Сынып жетекшілер | Жоғары білімді | Арнаулы орта | Модератор | Сарапшы | педагог |
|---|---|---|---|---|---|
| 11 | 10 | 1 | 7 | 3 | 1 |

Сынып жетекшілер бірлестігінің жылдық жұмыс жоспары жасалып, отырыстар уақытылы өткізіліп, хаттамаланды.

**Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру жұмыстары**

2023 – 2024 оқу жылы бойынша Мемлекет басшымен бекітілген Ұлыстың Ұлы күні Наурыз мейрамын мерекелеу тұжырымдамасы аясында «Қайырымдылық» күніне орай «Қазақстан халқына» Қоғамдық қорының қолдауымен ауылдық жерлерде тұратын 5-8 сыныптарда оқитын балаларға жазғы демалыста демалу үшін «QH Жаздық жолдама» бойынша 4 сертификат беріліп, Қамқоршылық кеңестің 2024 жылы 17 мамырдағы №5 хаттамасы негізінде 4 оқушы Ақтөбе қаласындағы «Кәмпит» лагерінде демалып қайтты. Мектеп жанындағы тамақпен қамтылатын лагерьге арнайы санаттағы 16 оқушы қамтылды. Арнайы санаттағы 2 оқушы қала сыртындағы Түркістан облысы Түлкібас ауданындағы «Қуаныш»демалыс лагеріне жолдама алды. Сонымен бірге қамқоршылық кеңес отырысының 15.11.2023 жылғы №5 хаттамасы негізінде «Балдәурен – Түркістан» Республикалық оқу – сауықтыру орталығының жылдық жоспарына орай мектептен озат оқушы, пәндік олимпиадалардан жетістіктері бар 8 сынып оқушысы Сангереева Марта желтоқсан айында демалып келді.

**Білім алушылардың үйірме және секциялармен қамтылуы**

| «Домбыра» үйірмесіне қатысатын окушылар саны | % | «Шахмат» үйірмесіне қатысатын окушылар саны | % | «Жас математик тер» үйірмесіне қатысатын окушылар саны | % | «Қызықты математика» үйірмесіне қатысатын окушылар саны | % |
|---|---|---|---|---|---|---|---|

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 24 | 15,2 | 24 | 15,2 | 30 | 19,1 | 24 | 15,2 |
| «Волейбол» секциясына қатысатын оқушылар саны | % | «Футбол» секциясына қатысатын оқушылар саны | % | «Пионербол» секциясына қатысатын оқушылар саны | % | «Тоғызқұмалақ» үйірмесіне қатысатын оқушылар саны | % |
| 42 | 27,6 | 19 | 12,5 | 40 | 26,3 | 25 | 16,4 |

Алдыңғы жылмен салыстыру бойынша қосымша білім берумен қамтылған оқушылар мен тәрбиеленушілердің өсу динамикасы бар екені байқалды.

Оқушыларды қосымша білім берумен қамту өз деңгейінде жүргізілді. Спорттық үйірмелердің ішінде волейбол үйірмесі өз нәтижесін берді. Мектептің қыздар волейбол командасы аудан, облыс біріншіліктерінде жеңіске жетіп жүлделі орындармен оралды. Жетекшісі Ө.Халидуллин. Сондай-ақ салауатты өмір салтын қалыптастыру, жоғары білімді, дені сау, спортта биік жетістіктерге жететін оқушыларды тәрбиелеу мақсатында мектепте волейболдан аудандық, аймақтық турнирлер ұйымдастырылып, мектептің волейбол үйірмесінің оқушылары жүлделі І орынды иеленіп, жеңімпаз атанды. Бұқаралық спортты дамыту мақсатында мектеп мұғалімдері, ауыл жастары және ата-аналар арасында волейбол ойындары, футбол ойындары тұрақты түрде ұйымдастырылып отырды.

**Мектепішілік есепке алынған оқушы**

| Оқушының аты - жөні | класы | Есепке алу негіздемесі | мерзімі |
|---|---|---|---|
| Қашқынов Ербол | 3 | Отбасы қолайсыздығына байланысты | 1 жыл |

Мектепішілік есепке алынған оқушы Е.Қашқыновпен жұмыс жүйелі жүргізілді. Оқушының сыныптастарымен, пән мұғалімдерімен қарым-қатынасы жолға қойылды, отбасымен қарым-қатынасы қалыпты.

Құқық бұзушылықтың профилактикасы *(қылмыс, суицид, жыныстық тиіспеушілік, нашақорлық)* суицидтік жағдайларының алдын алу мақсатында ІІБ-мен және ауылдық учаскелік полиция инспекторымен бірлескен жұмыстар жүргізілді, ата-аналар жиналыстары өткізілді. Учаскелік полиция инспекторы оқушылармен тұрақты түрде кездесулер ұйымдастырып, құқық бұзушылық жауапкершіліктері, зорлық-зомбылықтың алдын алу, буллинг, кибербуллинг тақырыптарында түсінік жұмыстарын жүргізді. Мектептің ресми, бейресми лидерлері анықталды. Өгей әкемен тұратын, мектепішілік есепте тұрған, ата-әжесімен тұратын оқушылардың отбастарына рейд жұмыстары жасалып, аталған отбасылар үнемі бақылауда болды.

Оқу жылының басында мектеп мұғалімдерінен және ата-аналардан «Тәртіп сақшылары» тобы құрылып, бірлескен рейд кестелері бекітілді. Топ мүшелері кесте бойынша тұрақты түрде рейдке шығып отырды. Ата-аналарға ата-аналар жиналыстарында заң бұзушылықтардың орын алуына жол бермеу мақсатында олардың жауапкершілігі мен міндеттерін тиісті деңгейде орындау талаптары түсіндірілді. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында ата-аналарға түсінік жұмыстары жүргізілді.

Оқушылардың діни туралы көзқарастарын анықтау мақсатында сауалнамалар алынды. Сауалнама жұмыстары қорытындыланып, діни көзқараста жүрген оқушылар анықталмады. Мектеп бойынша мектеп формасы тұрақты сақталып отыр. Ормала тартып жүретін оқушы жоқ.

Келеңсіз оқиғалардың алдын алу мақсатында бірлескен іс-шаралар жоспары құрылып, сол бойынша жұмыстар жүргізілді. Нәтижесінде келеңсіз оқиғалар тіркелген жоқ.

**Педагогикалық кеңестерде қаралған мәселелер:**

Кәмелеттік жасқа толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша жұмыстың жағдайы

Педагогтердің бағдарламаны оқыту жағдайы

Білім алушылардың ата-аналарының қатысуымен өтетін жиналыстар мен шараларды өткізу сапасы

**Директор жанындағы кеңесте қаралған мәселелер:**

Сынып жетекшілердің тәрбие жұмысының жоспарын бекіту

Тәрбие сағаттарының тиімділігі

Оқушылардың сабаққа қатысымы

Спорт секциялары мен үйірме жұмыстарының жүргізілу деңгейі

Сабақтан тыс тәрбиелік жобаларды ұйымдастыру және оны іске асыру

«Өмір қауіпсіздік негіздері» және «Жолда жүру ережелері» міндетті курстарының жүзеге асырылуы

9-10 сынып оқушыларының кәсіптік бағдарлау жұмыстарының жай-күйі

Әлеуметтік қорғалмаған отбасы топтарына жататын білім алушылардың санатын анықтау және құжаттарын жинақтау

**Қорытынды:**

Жалпы оқушылармен жүргізілген іс-шаралар негізінде мектепте ІІБ есепте тұрған оқушы жоқ. Келеңсіз оқиғалар тіркелген жоқ.

Алдағы оқу жылына ұсыныстар:

Әлеуметтік педагог, психологтің сынып жетекшілермен бірлескен жұмыстарының жүйелі жүргізілуіне бақылауды күшейту;

Сыныптағы тәрбие жұмысының мазмұндылығын көтеру.

Тәрбие ісінің орынбасары: Е.Хитрук